

**АКТУАЛЬНЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ  
В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ**

ВЫПУСК 12(68)

Часть 8

Декабрь 2020 г.

Переяслав

**магистр, аға оқытушы,**

**Акатаева Шұға Бериковна**

**ф.ғ.к., доцент**

**Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті**

**(Қарағанды, Қазақстан)**

**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ТІЛЕУКЕ ҚҰЛЕКЕҰЛЫ (ШАЛ АҚЫН)  
МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

***Аннотация.** Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар халық ақыны Тілеуке Құлекеұлының сан қырлы әдеби мұралары бүгінгі күні де өз маңызын жоймаған асыл жауһарлар. Ұлттық әдебиетке сан алуан жаңашылдық алып келген ақын мұрасы М. Мағауин, Р. Бердібай, Ж. Ысмағұлов, Ө. Күмісбаев, Ж. Тілепов, Ш. Ыбыраев сынды әдебиетші, тарихшы, өнертанушы ғалымдардың келелі үлкен зерттеулеріне арқау болды. Мақалада тәуелсіздік жылдары ақын мұрасын зерттеп, өзіндік баға беруде, оны қалың көпшілікке танытуда, насихаттауда зор еңбек атқарған ғалымдар зерттеулері бүгінгі күн биігінен талданып, сараланып, аталған ғалымдардың Шал ақынның әдеби мұрасын зерттеуге қосқан үлесі лайықты бағаланады.*

***Кілт сөздер:** тәуелсіздік, Тілеуке Құлекеұлы (Шал ақын), әдебиеттану ғылымы, әдеби мұра, лирикалық өлең.*

*Бажикеев Курмет Канатулы*  
*магистр, старший преподаватель,*  
*Акатаева Шуға Бериковна*  
*к.ф.н., доцент*

*Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза*  
*(Караганда, Казахстан)*

Ғасырлар бойы күткен азаттыққа қол жетіп, ой еркіндігі мен сөз еркіндігіне ие болған шақта бұрынғы өткен арыстарымызға, олардың өмірі мен шығармашылығына жаңаша көзқараспен қарап, тәуелсіздік жағдайында оларға басқаша баға беруге мүмкіндік туды. Басқа да ақын-жыраулармен қатар Тілеуке Құлекеұлының әдеби мұрасын зерттеу өз жалғасын тапты. Тәуелсіздік кезеңіндегі шалтану ілімінің баспалдағы қаланып, алғышарттары жасалды.

Ең алғаш М. Мағауиннің жоғары оқуорындарына арналған «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» оқулығының қайта басылып шығуымен тәуелсіз елдің жастары Бұқар, Ақтамберді, Көтеш ақындармен бірге Шал мұрасымен де кеңінен танысып, жырларына терең бойлауға мүмкіндік туды [1]. Оқулықта бұрынырақта «Қобыз сарынында» жарияланған деректер, Шалдың ғұмырбаяны, ал хрестоматиясында Шал ақынның бір топ өлеңдері басылды. Бұдан бөлек осы автор жетекшілігімен «Ай, заман-ай, заман-ай» атты ақынжыраулар жинағынан Шал ақынға да орын беріліп, біршама өлең-жырлары қамтылды [2].

1999 жылы С. Қосанов, Т. Өлібековтердің құрастыруымен, Ж. Тілепов редакторлығымен ақынның тұңғыш кітабы жарық көрді [3]. Кітапқа ақынның бұрыннан әр түрлі жинақ, антологияларда жарық көрген сондай-ақ жаңадан табылған өлеңдері жарық көрді. Сонымен бірге кітаптың екінші бөліміне Шал ақын жайындағы әдебиетші, тілші ғалымдар зерттеулері мен тәуелсіздік жылдарындағы шалтанушылар мақалалары, әр саладағы зерттеулер, ақынның орыс тіліне аударылған өлеңдері топтастырылды. Бірақ таралымы небары 600 данамен шыққан кітап оқырман қауымға түгелдей жетті деп айта алмаймыз. Десе де ақынның бүкіл мұрасының бір кітапқа жиналуы шалтану ғылымы үшін үлкен олжа болды. Ал 2003 жылы алғашқы 1999 жылғы шыққан кітап нұсқасын басшылыққа алған ақынның екінші жеке кітабы көлемді тиражбен жарыққа шықты [4].

Тәуелсіздік жылдарындағы Шал ақын тануға қосылған үлкен үлес, айтарлықтай шара деп 1998 жылы ақынның 100 жылдық мерейтойының республикалық көлемде аталып өтілуін айтуға болады. Осы той қарсаңында Алматыда «Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Онда Шал ақын тану мәселесіне ат салысып, Шал ақын мұрасын зерттеп жүрген қазақтың бір топ әдебиетші, тілші, өнертанушы, ақын-жазушылар мен ғалымдар, ақынның жерлестері мен ұрпақтары қатысып, маңызды тақырыптарда баяндамалар жасалып, ақын мұрасын зерттеп-зерделеуге, насихаттауға қатысты келелі мәселелер көтеріліп, тұщымды ойлар ортаға салынды. Сондай-ақ осы конференция соңында Ө. Тәжібаев, Т. Молдағалиев, С. Шаймерденов, З. Қабдолов, Т. Кәкішев, С. Қирабаев, М. Қозыбаев, М. Мағауин, К. Салықов, Е. Зікібаев, Г.Бельгер, Ш. Ыбыраев, А. Қошанов, Ғ. Есім бастаған қазақ зиялыларының елбасы Н. Назарбаевқа ашық хат жазуының нәтижесінде Шал ақын дүниеге келген Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеевка ауданына Шал Құлекеұлының есімі беріліп, бір орталық көше ақын атымен аталынады. Бүгіндері ақын туған топырақ Шал ақын ауданы деген атқа ие.

Ақын шығармашылығын зерттеушілердің бірі профессор Ж. Тілепов те өзгеше ойларын ортаға салады. Шал Құлекеұлының 1999 жылы тұңғыш жарық көрген кітабының алғы сөзіне жазған мақаласында ақын өлеңдерін талдай отырып, бүгінгі күн тұрғысынан баға береді. Шал ақын Құлекеұлы – қазақ поэзиясында айтыскер ақын ретінде бірінші болып кейінгілерге сөзі жеткен, кедейлік тақырыбын жеріне жеткізе алғаш жырлаған, лирикалық қаһарманкөркем сөз өнерінің белгілі мөлшерде бейнесін тұңғыш сомдаған ақындық дәстүрдің бірінші өкілі ретінде бағаланады. Және солай болуы заңды да. Рас, қазақтың жыраулық поэзиясында « Мен қартыңмын, қартыңмын» деп келетін Сыпыра жырау, одан бергі Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбеттерден бастап, Шал ақынның өзі алдын көре алған Бұқарға дейінгілерді, тұтастай алғанда әр дәуірдің талап-талғамы тұрғысында өздерінің бейнесін жасаған көркем сөз өкілдері деп тануға болады. Бірақ, олардың лирикалық қаһарманы көбіне өжет, асқақ болып келетін. Ал Шал ақынның лирикалық кейіпкері біраз басқаша. Ең алдымен ол:

Жер түрлентіп жараттың,  
Желкілдеген бозымен,  
Қой түрлентіп жараттың,  
Бауырынан емген қозымен.  
Ағашты да түрленттің,  
Жапырағын жайқалтып.  
Құстарды да түрленттің,

Жұмыртқасын шайқалттың, - деп келетін жырында «бір жаратқан пендеңмін, перзент үшін жылаттың» деп жаратқан Хаққа жалбарына мұңын шағатын лирикалық тұлға. Бұл – перзентсіз кісінің көкірегі қарс айырылған қайғылы образы. Бұл – қазақтың ауыз әдебиетінде көп айтылған, бірақ, жеке авторлар туындысында алғаш рет көрініс тауып отырған ұрпаққа зор, үлкен творчество өкілінің өз бейнесі.

Әдетте, тұңғыш, бірінші деген сөздің астарында кез-келген кәсіп, кез келген өнер иесінің соңында осы дәстүрдің жалғастырушысы кімдер болды деген заңды сұрақ туады. Шал ақын Құлекеұлы – ақындық дәстүрдің тұңғышы, бірінші өкілі дегенде де оның үлгі-өнегесін алған ақындар болды ма деген мәселенің бой көрсетуі ғажап емес.

Кедейлік ер жігітке намыс емес,  
Жоқ болса туысың да таныс емес,-

деп кедейлік тақырыбын алғаш қазақ әдебиетінде сөз қылған Шал ақын болса, осы тақырыпты кеңейте жырлауда Өсек, Түбек, Қобылан секілді өз қолтаңбасы ақындардың үлгі алған ұстазы, ізашары бола білді.

Адамның жас ерекшелігіне байланысты Бұқар жырау да біраз жырлаған. Ал Шал үш жастан жүз жасқа дейінгі адам өмірін жырға қосып жеріне жеткізе жырлады. Ал Шал ақын жырлаған осы тақырыпты Әбубәкір Кердері, Нарманбет ақын жырлағанда, тегінде оларға да Шал творчествосының әсері молынан тиді деп. ойлаймыз.

Ж. Тілепов «Шал ақын шығармаларындағы әйел-ана тақырыбы» атты мақаласында осы тақырыптың қазақ әдебиетінде негізін салушы, әйел, қыз бейнесін образ деңгейіне көтерген Шал ақын екенін қадап айтады. «Ал, жалпы Шал ақынның әдебиеттегі басты жаңалығы не дегенде, тек әйел-ананы емес, сол дәуірдің тілімен айтқанда қатардағы «төмен етектіні» барынша беріле жырлап, кейін қазақ әдебиетінің ең бір өзекті, ең бір өрісті тақырыбы болған, ос мәселеде жол салған алғашқы ізашары деп білеміз. Міне осы арқылы кейін

үлкен өзенге ұласқан қайнарлы бұлақтың көзін аршып, көзеген қазақ әдебиетінің мұрабы, гидрогеологы секілді бағалануға лайықты ақын» [5, 11].

Тәуелсіздік кезеңіндегі Шал ақын мұрасын зерттеушілердің бірі әдебиетші-ғалым Рахманқұл Бердібай. Зерттеуші ақын мұрасын одан бұрынғы ақын-жыраулар шығармасымен салыстыра отырып, Шал жырларына талдау жасайды, көркемдік қырларын ашып көрсетеді. Шындығында Шал Құлекеұлы туындыларының тақырыптық, мазмұндық ауданын, өлеңдерінің көркемдік кестесін, тапқырлық дәрежесін, ойшылдық өрнегін, өнеге нақылын ден қойып оқыған адам оның қатардағы бір ақын ғана емес, ірі ақын екендігін мойындайтыны хақ. Өмір ағымын, оның әмбебап жұртқа қатысты көріністерін поэзия шындығына көтеріп, өзіндік дара танымын көрсете алған ақындар шығармалары ғана көркемдік мүлкіне айналады. Шал ақынның өлеңдерінен сол замандағы қазақ болмысының суреттері көрінеді. Ең маңыздысы сол – бұл шығармаларда қоғам мен адам өмірінің әлеуметтік талдауы беріліп отырады. Өмірдің өткіншілігін айтса да, байлық, кедейлік туралы толғаса да, әйел мінезін сипаттаса да тіршіліктің сұрауына жауап секілді естіледі. Ол өмір мұраты артына жақсы атақ қалдыру екенін ақын өз өлең жолдарында ашып айтады.

Ақынның суреткерлік қарымын, қазақ өлеңінің күмбезіне қосқан айшықтарын анығырақ аңғарту үшін, жауһардай көз тартатын бейнелі сөздер мен тіркестердің бір тобын келтірейік: «Тақтағы хан, таптағы биді еңкейткен, хан ата қандай екен малдың күші», «Нәпсің бір көкжал бөрідей, иманың бағлан қозыдай», «Кенже ұлы кедейліктің ұйқы мырза», «Басым бұлбұл, аяғым дүлдүл болды», «Таразыға тартқанда төмен тартар, тәубаңнан да күнә ісің басым болса», Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі», Жігіттің алған жары жақсы болса, иманыңнан басқадан жақын деген», «Жігіттер шамаң келсе, шалқып толқы, алпыс төнің кеудеңде сау тұрғанда», «Алыстан кедейліктің алдынан шық, төбесі көрінген соң қиын болар», «Тоқсанда толықсыған сен қорғасын, май құйып қорытқанмен бірікпейсің», «Кәрілік – күлге аунаған қотыр бура», «Басыңа келген іске шүкірлік қыл, дүниенің кім жетеді ақырына», «Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ, қайтейін кәрілік шіркін байлап жатыр», «Алпыс жаста тай жеген бөрідеймін, жетпіс жаста илеген терідеймін», Сексен келді бүйірден, қалдырып кетті үйірден», «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық», «Өткен еске түскенде құлазымын, ақ киіктей айырылған ордасынан», «Сауырынан су төгілмес боз жорға едім, талан тартса, танбайтын жорғасынан», «Бір қалған соң көңілің, қаңтарда қатқан мұзбен тең», «Кешегі дулап өткен ер Құлеке, су тиген сөне қалдың өрттей болып», «Түлкідей түнде жортып жүргенінде, алмасын аяғыңнан темір қақпан», «Балалы арқар маңырайды, баласыз арқар зарлайды», Босағасын алтынмен соқсаң-дағы, перзент сүймей адамның мейірі қанбас». Осы жолдарды өз еңбегінде көрсете отырып, зерттеуші Шал ақын жырының көркемдік әлемін ашық жеткізеді [6, 96].

Шал ақын тану іліміне өз үлесін қосушылардың бірі - ғалым, әдебиеттанушы Ө. Күмісбаев. Ол зерттеулерінде Шал ақын текстологиясына қатысты мәселелерді алға қояды. Сонымен бірге Шал ақын шығармашылығын Бұқар жырау, Көтеш ақын сынды сол кезеңде өмір сүрген тұлғалармен салыстыра зерттейді. Шығармашылықтарында қандай ұқсастық пен

айырмашылық, өзіндік ерекшелік бар екенін ажыратып, талдап көрсетеді. Шал ақын мен Бұқар жыраудың «Бұқар да, Шал да халық ортасынан шыққан кісілер. Шаруаларының шалқып, шұбырған малға мастанып, шалқайғандары көрінбейді. Екеуі де «әулие көмей» төкпе ақын. Жүйрік қиялдарына жат таласпайды. Дін жағынан алғанда екеуі де мұсылман. Мұсылмандықты құлықтық тазалықты, адамгершілікті көтере жырлау үшін ұсынады...» дей келе екеуінің шығармашылық ерекшеліктері жөнінде «Бұқар жырау бірде дипломат, бірде қайраткер, бірде айыптаушы не сыншы, не мақтаушы қызметтеріне түсіп кетіп, сөз өнерін сан қырға жаратады. Ал Шал поэзиясының тұрақты объектілері бар. Шаруа жайын, жастық қызуын, жақсы әйел, жігерлі жігітті тілге тиек етсін – Шал баршасында бір адами, сабырлы қалыптан аумай, құлық тұрақтылығын байсалды көрсетеді. Бұқар поэзисы кейде асқақтап, аспандап кетсе, Шал шығармалары жер салмағын сақтап қалады» деп дөп басады [7, 68]. Сонымен бірге әдебиетші Шал ақын мен Көтеш ақынды да қатар алып, өлең-жырларына, жалпы шығармашылық ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады.

шық, төбесі көрінген соң қиын болар», «Тоқсанда толықсыған сен қорғасын, май құйып қорытқанмен бірікпейсің», «Кәрілік – күлге аунаған қотыр бура», «Басыңа келген іске шүкірлік қыл, дүниенің кім жетеді ақырына», «Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ, қайтейін кәрілік шіркін байлап жатыр», «Алпыс жаста тай жеген бөрідеймін, жетпіс жаста илеген терідеймін», Сексен келді бүйірден, қалдырып кетті үйірден», «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық», «Өткен еске түскенде құлазымын, ақ киіктей айырылған ордасынан», «Сауырынан су төгілмес боз жорға едім, талан тартса, танбайтын жорғасынан», «Бір қалған соң көңілің, қаңтарда қатқан мұзбен тең», «Кешегі дулап өткен ер Құлеке, су тиген сөне қалдың өрттей болып», «Түлкідей түнде жортып жүргенінде, алмасын аяғыңнан темір қақпан», «Балалы арқар маңырайды, баласыз арқар зарлайды», Босағасын алтынмен соқсаң-дағы, перзент сүймей адамның мейірі қанбас». Осы жолдарды өз еңбегінде көрсете отырып, зерттеуші Шал ақын жырының көркемдік әлемін ашық жеткізеді [6, 96]. Шал ақын тану іліміне өз үлесін қосушылардың бірі - ғалым, әдебиеттанушы Ө. Күмісбаев. Ол зерттеулерінде Шал ақын текстологиясына қатысты мәселелерді алға қояды. Сонымен бірге Шал ақын шығармашылығын Бұқар жырау, Көтеш ақын сынды сол кезеңде өмір сүрген тұлғалармен салыстыра зерттейді. Шығармашылықтарында қандай ұқсастық пен айырмашылық, өзіндік ерекшелік бар екенін ажыратып, талдап көрсетеді. Шал ақын мен Бұқар жыраудың «Бұқар да, Шал да халық ортасынан шыққан кісілер. Шаруаларының шалқып, шұбырған малға мастанып, шалқайғандары көрінбейді. Екеуі де «әулие көмей» төкпе ақын. Жүйрік қиялдарына жат таласпайды. Дін жағынан алғанда екеуі де мұсылман. Мұсылмандықты құлықтық тазалықты, адамгершілікті көтере жырлау үшін ұсынады...» дей келе екеуінің шығармашылық ерекшеліктері жөнінде «Бұқар жырау бірде дипломат, бірде қайраткер, бірде айыптаушы не сыншы, не мақтаушы қызметтеріне түсіп кетіп, сөз өнерін сан қырға жаратады. Ал Шал поэзиясының тұрақты объектілері бар. Шаруа жайын, жастық қызуын, жақсы әйел, жігерлі жігітті тілге тиек етсін – Шал баршасында бір адами, сабырлы қалыптан аумай, құлық тұрақтылығын

байсалды көрсетеді. Бұқар поэзисы кейде асқақтап, аспандап кетсе, Шал шығармалары жер салмағын сақтап қалады» деп деп басады [7, 68]. Сонымен бірге әдебиетші Шал ақын мен Көтеш ақынды да қатар алып, өлең-жырларына, жалпы шығармашылық ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады.

Шал ақын әдеби мұрасы тәуелсіздік жылдары зерттеушілер тарапынан жан-жақты қаралды. Соның айғағы ретінде ақын шығармашылығының тек әдебиеттанушы ғалымдар еңбектерінде ғана емес, педагогика, психология, философия, лингвистика, стилистика сынды ғылымдар саласында зерттеліп, қаралуын айтуға болады. Бұдан түсінеріміз Шал ақын өз дәуірінің ойшылы, ұлы даланың педагогы, адам жан дүниесіне терең бойлаған психолог, сөз өнерінде өз стилін қалыптастырған ұлы дала майталманы екендігі.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 175 б.
  2. Ай, заман-ай, заман-ай. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 230 б.
  3. Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 264 б.
- \_\_\_ ISCIENCE.IN.UA «Актуальные научные исследования в современном мире»
- |        |        |    |   |      |           |
|--------|--------|----|---|------|-----------|
| Выпуск | 12(68) | ч. | 8 | ISSN | 2524-0986 |
|--------|--------|----|---|------|-----------|
- 57
4. Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Атамұра, 2003. – 250 б. – Алматы: Атамұра, 2003. – 250 б.
  5. Тілепов Ж. Шал ақын шығармаларындағы әйелдер бейнесі // Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 264 б.
  6. Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы: Білім, 2000. – 247 б.
  7. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Жазушы, 1994. – 234 б.